



**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РК  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА  
ФАКУЛЬТЕТ СОЦИАЛЬНЫХ НАУК  
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ  
КАФЕДРА ПСИХОЛОГИИ**

## **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

**Международного научно-методического семинара:  
«АНАЛИЗ УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ «ЗЕЛЕННЫХ»  
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ»**

**В рамках проекта ИРН АР14869631 «Модель «зеленая школа – зеленый колледж  
– зеленый университет» как система развития экологизации образования»**

**28 ОКТЯБРЯ 2022 Г.  
АСТАНА, РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»  
ФАКУЛЬТЕТ СОЦИАЛЬНЫХ НАУК  
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ  
КАФЕДРА ПСИХОЛОГИИ**



**МОСКОВСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М.В. ЛОМОНОСОВА  
ФАКУЛЬТЕТ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ БАЗОВОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ПО ЭКОЛОГИЧЕСКОМУ  
ОБРАЗОВАНИЮ СТРАН СНГ**

**КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ КОРКЫТ АТА**

**НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫЙ ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ ФОНД ИМЕНИ В.И. ВЕРНАДСКОГО**

**ШКОЛА-ЛИЦЕЙ N101 ИМ.А. МУСЛИМОВА «ЗЕЛЕНАЯ ШКОЛА»,  
(Г.КЫЗЫЛОРДА. РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН)**

## **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

Международного научно-методического семинара:  
**«АНАЛИЗ УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ «ЗЕЛЕННЫХ»  
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ»**

**28 октября**

**г. Астана – 2022**

**УДК 378(08)**  
**ББК 74.48я431**  
**А 64**

*Выполнено в рамках научного проекта ИРН АР14869631  
«Модель «зеленая школа – зеленый колледж –  
зеленый университет» как система развития экологизации образования»*

**Рецензенты:**

**Менлибекова Гильбахыт Жолдасбековна** – доктор педагогических наук, профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

**Молдабекова Сандугаш Каирхановна** – PhD, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Кокшетауского университета им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, Казахстан

**Главный редактор:**

**Длимбетова Гайни Карекеевна**

д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва,  
г.Астана, Казахстан

**Редакционная коллегия:**

**Булатбаева К.Н.**, д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

**Саипов А.А.**, д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

**Курманбаев Р.Х.**, к.б.н., профессор Кызылординского университета имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан;

**Абенова С.У.**, PhD, старший преподаватель кафедры педагогики Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

**Дукомбайев А.Т.**, магистр гуманитарных наук, магистр истории Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

**Әкіміш Д.Е.**, магистр педагогических наук Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан.

**Технический редактор – Табаран Д.А.**, магистрант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан.

**А 64** «Анализ учебных программ в контексте развития «зеленых» учебных заведений»: Сборник матер. Межд. науч.-метод. семин. /– Астана, 28 октября, 2022 г. – Астана: типография ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 278 с.

**ISBN 978-601-337-781-0**

Настоящий сборник составлен по материалам международного научно-методического семинара «Анализ учебных программ в контексте развития «зеленых» учебных заведений», состоявшегося 28 октября 2022 года в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана).

Материалы семинара предназначены для ученых, педагогов-предметников высших, средних учебных заведений, магистрантов, докторантов PhD и аспирантов, международных экспертов, представителей общественных организаций.

Материалы публикуются в авторской редакции, и редколлегия не несёт ответственности за содержание авторских материалов.

**УДК 378(08)**  
**ББК 74.48я431**

**ISBN 978-601-337-781-0**

© ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2022

**«ЖАСЫЛ МЕКТЕП» МОДЕЛІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КОНТЕКСТІНДЕ  
9-СЫНЫП ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУ**

*Танжарикова Молдир Бердихановна*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*  
[tanzharik\\_moldir@mail.ru](mailto:tanzharik_moldir@mail.ru)

*Ғылыми жетекшісі - Саипов Абдимажит Аманжолович*

**Аңдатпа:** Мақалада қазіргі әлемнің жаһандық үдерістерінің ішінде экология, экологиялық білім мен тәрбие беру мәселелері өзекті болып тұрғандықтан, орта мектеп оқушыларының географиялық білімдерінің экологияландыру мақсатында олардың кешенді экологиялық білімдерін тереңдету және кеңейту қажеттілігі туралы баяндалады. Ол үшін география сабақтарының мазмұнының экологияландыру үдерісін экологиялық білімді тек білім, білік, дағдыларды қалыптастыру ретінде ғана емес, сонымен қатар табиғатты қорғаудың белсенді тәжірибелік іс-әрекет ретінде қарастыру қажет. Мектептегі экологиялық білім берудің басты мақсаты-оқушылардың экологиялық мәдениеті мен экологиялық ойлау қабілеттерінің қалыптастыру.

**Түйін сөздер:** географиялық білім, экологиялық білім, экологияландыру, экологияны қорғау, табиғи ресурстар, табиғат.

Қазақстан ұлттық даму бойынша жоғары мақсаттар қойды: 2050 жылға қарай еліміз заманауи және әртараптандырылған экономикасы бар әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруді жоспарлап отыр. 2030 жылға дейін ел алға қойған басым міндеттерге негізгі ресурстарды (мысалы, су және жер) пайдалану қарқындылығын төмендету, қазіргі уақытта дамымаған және ескірген инфрақұрылымды жетілдіру (мысалы, электр энергетикасында), халықтың әл-ауқатын арттыру және жергілікті қоршаған ортаның ластануын азайту (мысалы, ауа мен су объектілерінің ластануы), сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті арттыру (мысалы, басқа елдердің су ресурстарына тәуелділікті азайту)[1].

Қоғамымызды құруымызға қарай азаматтарымыз өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін күш салуы керек. Себебі экологиялық жағдайдың күрт нашарлауына байланысты қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерге адамның биологиялық-генетикалық құрылымы бейімделіп үлгере алмағандықтан, адам денсаулығына орасан зор нұқсан келуде. Табиғат тепе-теңдігін қалпына келтіріп, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау, табиғат қазынасының, оның ішінде адамның өзін сақтап қалу проблемасы әрбір адамнан экологиялық сауаттылықты талап етеді. Сондықтан жас ұрпаққа экологиялық білім беру — мектептің басты міндеті. Дүниежүзілік тәжірибелерді саралай келіп, біздің республикамыздың оқу жүйесіндегі 1999 жылы экологиялық білім берудің мемлекеттік бағдарламасы ұсынылды [2].

"Жасыл мектеп" оқушыларға экологиялық тәрбие беру жобасы мектеп және аудандық деңгейдегі қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша іс-шаралар жүйесін қамтиды және білім беру мекемелері қызметінің оң көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Білім мен тәрбиені экологияландырудың негізгі бағыты табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастырудың мақсатты үздіксіз процесі болып табылады.

"Білім беруді экологияландыру" - бұл біздің заманымыздың экологиялық проблемаларын, тұрақты даму идеялары мен тұжырымдамаларын оқытудың мақсаттары, мазмұны, әдістері, құралдары мен нысандары үшін көрсетуге бағытталған күрделі көп қырлы процесс. (Ермаков, 2005).

Экологияландыру - қазіргі мектептегі білім беру үдерісіне тән белгі, оның қоғамның маңызды қажеттіліктеріне деген жауабы. Оның нәтижесі ретінде оқушылардың табиғатқа деген этикалық көзқарасын қалыптастыру, табиғи орта мен патриотизмнің жай-күйі үшін азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеу болып табылады. Білім беруді экологияландыру жаңа Қазақстан азаматын тәрбиелеуде негізгі міндеттердің біріне кіреді.

Экологиялық білімді қалыптастыруда география ерекше орын алады. География оқу пәні ретінде адамның адамгершілік, эстетикалық және интеллектуалдық қасиеттерін және экологиялық ойлауды дамытуға әсер етудің ерекше мүмкіндіктеріне ие. Географиялық білім беру сапасын арттыруда мұғалімнің оқушылардың теориялық білімдерін практикалық қолдану бойынша оқу іс-әрекетін ұйымдастыра білуі үлкен маңызға ие.

Осы орайда, «Жасыл мектеп» моделін жүзеге асыру контекстінде 9-сынып география сабақтарының мазмұнын экологияландыру өте маңызды. Атап айтар болсақ, 9-сынып оқу бағдарламасында көрсетілген Гидросфера бөліміндегі Су ресурстарының экологиялық мәселелері тақырыбын жергілікті компоненті қамту негізінде ашу экологияландыру тұрғысынан орынды болар еді. Астана қаласының мектептерінде аталған тақырыпта Кіші Талдықөл мәселесін, атап айтқанда су қорының жерін елді мекен жеріне ауыстыру мәселесін көтерген өзекті болып табылады. Кіші Талдықөл көлдер тобы су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қажет болатын су объектілеріне жатады. Су қорының жерін беруге жол берілмейді. Көлдер тобының тарихи қалыптасқан шекаралары бар, мемлекеттік органдар тарапынан сақтауды және қорғауды талап етеді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес 9 сынып оқу бағдарламасында Қазақстан географиясы пәнінде «Табиғи ресурстар» бөлімінде Қазақстанда табиғатты пайдаланумен байланысты мәселелер тақырыбында жергілікті компонент негізінде табиғатты пайдалануға байланысты зерттеу жұмысын жүргізу барысында экологиялық мәселелерді кеңінен қарастыруға болады. Мысалы, Павлодар облысын қарастыруда, Павлодар – экономикасының басты саласы түсті металлургия, мұнай-газ, машина жасау, құрылыс индустриясы мен энергетика болып табылатын Қазақстанның ірі индустриялды орталығы болатынын ескерсек, табиғатты пайдалануда туындайтын келесі экологиялық мәселелер қарастырылады: ауаның, топырақтың, су ортасының ластануы.

Оқушыларға осындай туған қалаларында, ауылдарында болып жатқан өзекті экологиялық мәселелерді көтеру арқылы экологиялық білімі мен мәдениет қалыптастыруға болады.

Қазіргі таңдағы экологиялық жағдай адамның табиғатқа деген тұтынушылық қатынастарынан тұрады. Көбінесе қоғамның қызметі табиғаттағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкеледі, табиғаттың табиғи көбею қабілетінде өзгерістер болады, нәтижесінде адамзат денсаулығына әсер етеді. Адамның табиғатқа қатынасы-экологиялық тәрбие мен білім берудегі басты мәселе. Экологиялық білім беру барысында ғана экологиялық жауапкершілігі бар тұтынушылар қоғамы құрылады. Алайда, бұл процесс ұзақ, кейде адамның бүкіл өмірін алуы мүмкін. Идеология, саясат, ғылыми білім, өнер, тәрбие-қоғамның экологиялық білімінің негізгі тетіктері[3].

Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің басты міндеттерінің бірі-адамзат пен табиғаттың өзара әрекеттесуіне байланысты объективті себептерді зерттеу. Қазіргі және болашақтың негізгі мәселесі-адамның табиғатқа деген көзқарасы. Бұл мәселе экологиялық шиеленістің өсуіне байланысты басты мәселеге айналуға. Қазіргі мектептердің педагогтары осы шиеленісті азайту және біздің әлемнің биоалуантүрлілігін сақтауға және көбейтуге қабілетті болашақ ұрпақты тәрбиелеу үшін жүйелі, мақсатты жұмыс жүргізуде.

#### **Әдебиет тізімі:**

1. Жасыл экономикаға көшу тұжырымдмасының жобасы, 2013 ж., 1 б.
2. «Білімтуралы» Қазақстан Республикасының Заңы.—Алматы:Литера,2000.—96б.
3. Онищенко М.В. Мемлекеттің жасыл экономиканы дамытудағы рөлі // Кубань мемлекеттік аграрлық университетінің ғылыми журналы. – 2014. –№102.- С. 3-14